

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ

Келісілді

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын бақылау және
қадағалау комитетімен

2011 жылғы 2 желтоқсанда

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын бақылау және қадағалау
комитетінің төрағасы

К.Б. КОЖАХМЕТОВ

Бекітілді

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарий" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2011 жылғы 28 қазандағы отырыстың
№ 7 хаттамасы)

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап¹

қолданысқа енгізілді

Депозитарлық қызметтерді жүзеге асыру қағидасына

№ 2 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. Келесідей мазмұндағы 12-1 баппен толықтырылсын:

"12-1 бап. Қосалқы шотты оқшаулау/оқшауландырудан шығару

1. Қосалқы шотты оқшаулау/оқшауландырудан шығару осы Қағидаға 8-1 қосымшада белгіленген нысан бойынша депоненттің қосалқы шотты оқшаулауға бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
2. Қамтамасыз етуді тексерумен өткізілетін сауда-саттық кезінде Орталық депозитарий "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" қосымша белгісі бар қосалқы шотты оқшаулауға бұйрықтарды орындамайды.
3. Қосалқы шотты оқшаулаудан кейін аталған қосалқы шот бойынша келесідей операцияларды тіркеуге жол беріледі:
 - 1) оларды шығару, айналысқа жіберу және өтеу шарттарына сәйкес қаржы құралдарын мерзімінен бұрын өтеу немесе мерзімінен бұрын ішінара өтеу;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органның шешімі негізінде қаржы құралдарын оқшаулау/оқшауландырудан шығару;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органның шешіміне сәйкес қаржы құралдарын аудару;
 - 4) бір атаудағы барлық қаржы құралдарымен жүзеге асыруға жататын операциялар;

¹ 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген осы Өзгерістер мен толықтырулардың 9-11, 13-19 тармақтарын қоспағанда.

- 5) "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясына жататын жабу мәмілесін орындау немесе мерзімінен бұрын бұзу (күшін жою).
4. Қосалқы шотты оқшаулауды/оқшауландырудан шығаруды тіркегеннен кейін бір жұмыс күнінің ішінде Орталық депозитарий депонентке бұйрықтың орындалуы туралы есепті жібереді."
2. 21-бапта:
 - 1) 2-тармақта:
 - 4) тармақшадағы "." символы ";" символымен ауыстырылсын;
 - 5) және 6) тармақшалар келесідей мазмұнда толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңының 9-бабының 1-тармағының 4-2), 8), 9) тармақшаларында көзделген облигацияларды шығару проспектісіндегі мәліметтерді өзгерту мәселелері бойынша облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізген күннен бастап облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы қабылдаған шешімді бұқаралық ақпарат құралдарына жариялаған күннен кейінгі күнге дейінгі кезеңде.

Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңының 9-бабының 1-тармағының 4-2), 8), 9) тармақшаларында қарастырылған облигацияларды шығару талабын өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда, облигацияларды орналастыру мен айналысқа жіберуді тоқтату мерзімі облигацияларды шығару проспектісіне өзгерістерді мемлекеттік тіркегеннен күннен кейінгі келесі күнге дейін ұзартылады;
 - б) есепке алу ұйымынан қаржы құралдарын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама алған және қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеуді тоқтату қажеттігі кезінде.";
 - 2) 3-тармақта:
 - 4) тармақшадағы "." символы ";" символымен ауыстырылсын;
 - 5) және 6) тармақшалар келесідей мазмұнда толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңының 9-бабының 1-тармағының 4-2), 8), 9) тармақшаларында көзделген облигацияларды шығару проспектісіндегі мәліметтерді өзгерту мәселелері бойынша облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы қабылдаған шешімді бұқаралық ақпарат құралдарына жариялаған күннен кейінгі күнге дейін өткізу.

Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңының 9-бабының 1-тармағының 4-2), 8), 9) тармақшаларында қарастырылған облигацияларды шығару талабын өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда, облигацияларды орналастыру мен айналысқа жіберуді тоқтату мерзімі облигацияларды шығару проспектісіне өзгерістерді мемлекеттік тіркегеннен күннен кейінгі келесі күнге дейін ұзартылады;

- б) есепке алу ұйымынан қаржы құралдарын ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама алған және қаржы құралдарын айналысқа жіберуді тоқтату немесе қысқарту қажеттігі кезінде."
3. 40-баптың 1-тармағы келесідей редакцияда мазмұндалсын:
- "1. Қаржы құралдары бойынша кепіл құқығының туындауын (бұдан әрі осы бапта – кепілдің туындауы), қаржы құралдары бойынша кепіл құқығын тоқтатуды (бұдан әрі осы бап бойынша – кепілді тоқтату), сондай-ақ борышкердің кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамауын немесе тиісті орындамауын (бұдан әрі осы бапта – кепілді орындамау) тіркеуді Орталық депозитарий кепіл беруші-депоненттің және кепіл ұстаушы-депоненттің тиісті алма-кезек бұйрықтарының немесе кепіл беруші үшін де және кепіл ұстаушы үшін де депонент болып табылатын депоненттің бұйрығы негізінде жүзеге асырады."
4. 49-баптың 4-тармағы алынып тасталсын.
5. 54-бапта:
- 1) 1-тармақтағы 1) тармақша келесідей редакцияда мазмұндалсын:
- "1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған мемлекеттік органның немесе қаржы құралдарына тиым салу немесе қаржы құралдарын оқшаулау өкілеттігіне ие лауазымды тұлғаның шешімі (бұдан әрі осы бапта – Шешім); немесе";
- 2) 12-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:
- "12. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған мемлекеттік органның немесе қаржы құралдарына тиым салу немесе қаржы құралдарын оқшаулау өкілеттігіне ие лауазымды тұлғаның шешімі бойынша қаржы құралдарын оқшаулауды немесе оқшауландырудан шығаруды тіркеуге арналған депоненттің бұйрығын орындау күні Орталық депозитарий депонентке тіркелген операциялар туралы есепті жібереді.";
- 3) келесідей мазмұндағы 13-1 тармақпен толықтырылсын:
- "13-1. Орталық депозитарий алдын-ала оқшауланған қаржы құралдарын оқшауландырудан шығаруға арналған Шешімді немесе бұйрықты алған жағдайда, Орталық депозитарий қаржылық құралдарға тиым салу немесе қаржы құралдарын оқшаулау өкілеттігіне ие сол мемлекеттік орган бұрын оқшаулаған қаржы құралдарын ғана оқшауландырудан шығаруды жүзеге асырады."
6. 55-бапта:
- 1) 1-1 тармақтың бірінші абзацы келесідей редакцияда мазмұндалсын:
- "1-1. Орталық депозитарий қабылдаған бұйрықты орындау күні ол бұйрықта көзделген "негізгі" қосалқы шот бөлімінде қаржы құралдарының жеткілікті санының болуын тексереді.";
- 2) 2-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:
- "2. Орталық депозитарий оқшаулауды тіркеген кезде:

- 1) қаржы құралдарын бұйрықта көзделген "негізгі" қосалқы шот бөлімінен бұйрықта көзделген "кепілдік жарна" қосалқы шот бөліміне есептен шығарады;
 - 2) депонентке бұйрықты орындау туралы есеп жібереді;
 - 3) сауда-саттықты ұйымдастырушыға "кепілдік жарна" бөліміне есептелген қаржы құралдары туралы мәліметтерді жібереді.";
- 3) 3-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:
- "3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қаржы құралдарын оқшауландырудан шығару операцияларын тіркеуге арналған бұйрығы негізінде Орталық депозитарий бұйрықта көзделген "кепілдік жарна" қосалқы шоты бөлімінде қаржы құралдарының жеткілікті санының болуын тексереді.";
- 4) 4-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:
- "4. Бұйрықта көзделген "кепілдік жарна" қосалқы шоты бөлімінде қаржы құралдарының жеткілікті саны болған кезде Орталық депозитарий:
- 1) қаржы құралдарын бұйрықта көзделген "кепілдік жарна" қосалқы шот бөлімінен сол қосалқы шоттың "негізгі" бөліміне есептен шығарады;
 - 2) сауда-саттықты ұйымдастырушыға бұйрықты орындау туралы есеп жібереді;
 - 3) депонентке тіркелген операциялар туралы есеп жібереді."

7. 68-баптың 1-тармағында:

 - 1) 10) тармақшадағы "." символы ";" символымен ауыстырылсын;
 - 2) келесідей мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"2. Осы Қағиданың 68-бабының 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген эмитент шығарған қаржы құралдары бойынша есептік құжаттар эмитентке еркін түрде жасалған эмитенттің сұратуы негізінде беріледі."

9. 1-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.

10. 2-қосымшадағы "Алушы СТН", "Жіберуші СТН" және "СТН" деректемелері алынып тасталсын.

11. 3-қосымшадағы "Ұстаушы СТН, ЖСН немесе БСН" деректемесі "Ұстаушы ЖСН немесе БСН" деректемесімен ауыстырылсын.

12. Келесідей мазмұндағы 8-1 қосымшамен толықтырылсын:

"Депозитарлық қызметтерді жүзеге асыру қағидасына

8-1 қосымша

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-дағы
қосалқы шотты оқшаулауды немесе оқшауланудан шығаруды тіркеу
БҰЙРЫҒЫ**

Күні _____

Шығыс нөмірі _____

Депоненттің толық атауы

Орталық депозитарийдегі қосалқы шот нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Операциялар түрі (қажеттіні белгілеу)

Оқшаулау

Оқшауланудан шығару

Ескертпе

Құжат деректемелері-бұйрықты беруге негіздеме¹

Күні _____ Нөмірі _____

Бірінші қолтаңба _____

Екінші қолтаңба² _____ **М.О.**

¹ Құжаттың-қосалқы шотты оқшаулау/оқшауландырудан шығару үшін негіздеменің күні мен нөмірі көрсетіледі.

² Болған кезде. "

13. 30-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.
14. 31-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.
15. 35-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.
16. 36-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.
17. 40-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.
18. 44-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.
19. 48-қосымшадағы "СТН" деректемелері алынып тасталсын.

Президент

Б.Х. Капышев